



Егемен Қазақстан



Egemen.kz

ТУЫМЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК, ҰЛЫ ТАУДАҒЫ ҰЛЫ АРМАН

Ақиқатқа айналатыны анық

Осыдан дәл жиырма үш жыл бұрын, 1991 жылдың 16 желтоқсанында әлемдік дипломатия шежіресіне жазылатындай ерекше оқиға болды. Бір мемлекет Тәуелсіздігін сол күні жариялаған екінші бір мемлекетті сол күні-ақ таныды. Тәуелсіздігін жариялаған мемлекет – Қазақстан Республикасы. Жаңа ғана жарияланған тәуелсіздікті сол күннің өзінде, араға небәрі жарты сағаттай ғана уақыт салып таныған мемлекет – Түрік Республикасы. Анкарада ел парламентінің – Туркие Буйук Миллет Межлисінің отырысы өтіп жатқан болатын. Алматыдан туысқан қазақ елінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаны жайлы жақсы хабар жетісімен, түрік бауырларымыз парламент қарап жатқан мәселені талқылауды тоқтата тұрып, күн тәртібіне жаңа мәселе қойып, бірауыздан дауыс беріп, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін таныған. Түрік туыстарымыз Тәуелсіздігін аңсай күткен қазақ жұртының қуанышына осылай ортақтасқан еді. Бұл жай екі елдің дәстүрлі достығын, екі халықтың берік бауырластығын тамаша танытатын мысалдардың бірі ғана. Сол елден – Түрік Республикасынан телефон соғылды таяуда. «ZAMAN» газетінің Қазақстан тәуелсіздігінің 23 жылдығына арналған нөмірін 1 миллион дана таралыммен шығармақшы едік, сізден тәуелсіздік жылдарында ел қол жеткізген табыстар, ел бағындырған ең елеулі белестер туралы публицистикалық сипатта толғаныс күтеміз дейді. Құдай қосқандықтан да адам айыра алмаған бауырларымыздың тілегі бойынша жазылды бұл мақала.

Көк тудың желбірегені

Тәуелсіздік... Мына дүниеде 2500-ден астам халық бар екен. Соның екі жүзге жуығы ғана өзінің мемлекеттілігіне ие екен. Саны жағынан қазақты сан орап кететін ұлттардың арасында да өз елі өзіне өлең төсегі болмай, туған жерінен бір жапырақ туын тігетін алақандай төбе таппай жүргендері жетерлік. Тіпті туған жерге туын тіккен елдердің бәрін бірдей толық мағынасында тәуелсіз деп тани алмайтынымыз тағы бар.

Бұл биікке ел тәуелсіздікті жариялаумен, гимнді, гербті, туды белгілеумен, тіпті Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне өтумен де бірден жете қалмайды. Тәуелсіздік ұғымының аясы кең. Әлемдік қауымдастық мойындаған өз аумағы болуы да, сол аумақты басқаратын мемлекеттік биліктің болуы да бұл үшін аздық етеді. Тәуелсіздік ең алдымен мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігін білдіреді. Күнінді зорға көріп, көршілеріңнен көмек сұрап, барар жеріңе бара алмай, айтар сөзіңді айта алмай, жанжағыңа жалтақтап жүрсең қанша жерден атың тәуелсіз болса да затың тәуелді елсің деген сөз.

Шүкіршілік, артта қалған жиырма үш жылдың алғашқы белестерінен-ақ Қазақстан Республикасы толық тәуелсіздікке жетудің жолына түсті, небір тайғақ кешулерден аман-есен өтіп, азаттықтың алғашқы әрі азап, әрі ғажап асуларынан абыроймен асты, айналасы оншақты жылдың жүзінде егемен ел ретінде дамудың даңғылына қарай қадам басты. Одан кейінгі онжылдықта қазір бүкіл әлем «Қазақстан жолы» деп ат қойып, айдар таққан, шын мәнінде феномен құбылысты дүниеге әкелді. Бүгінде біздің еліміз экономикадағы ішкі жалпы өнімнің өсу қарқыны жөнінен әлемдегі ең алдыңғы көрсеткіштердің біріне қол жеткізіп отыр. Бір сөйлеммен айтыла салған осы жайдың астарына көз жіберсек, тарих сағатының тілі сырт ете қалғандай қысқа кезеңде кешегі кеңестік империяның шет аймағы, шикі заттық шылауы ретінде келген республикадан экономикасы қуатты, саясаты тұрақты, сүйегі мығым мемлекетке, сөздің толық мағынасындағы еңселі елге, ел болғанда да алыс та, жақын да мойындайтын, Батыс та, Шығыс та бірдей сыйлайтын елге, көп дінді, көптілді, бірақ бір ділді елге айналудың қандайлық қиындығын сергек сана сезінбей қоймайды. Осының бәріне ең алдымен табиғатынан кең жаратылған, мол пішілген халқымыздың, одан кейін сол халыққа дана басшылық жасай білген Елбасымыздың – халқымыздың бағына туған перзент, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында қол жетіп отырғаны шығар күндей шындық.

Қазақстанның осы жиырма үш жылдағы жүріп өткен жолы атқан оқтай түзу, төселген тақтайдай тегіс болмағанын, жас мемлекеттің алдынан талай-талай сынақтар тосылғанын, оларды еңсеру елдің елінің, ердің ерінің қолынан келгенін барша жұрт біледі. Қазақ елінің де, елді басқарған ердің де қолынан келді сол шаруа. Осы жылдар ішінде даламыз да өзгерді, қаламыз да өзгерді. Олай болатыны – бәрінен бұрын біздің санамыз өзгерді. Ата-бабаларымыз аңсап, армандап өткен азаттыққа арпалысқа толы жасампаз жұмыс қана апаратынын, тәуелсіздікке тәуекелі тұратындардың ғана қолы жететінін айқын ұғынған бостан сана ол. Тәуелсіздіктің басқа бір қонса мәңгілікке шегеленіп қалмайтынын, баянды бостандық бақыттың бағасын білгендердің ғана қолында тұратынын да біледі біздің халқымыз. Бар адамзат бір базарда бәсекелесіп, барын салып, бағын сынап жатқан мы на жаһанданудың жанталасты жағдайында ұлт ретінде ұпайынды жоғалтпау, халық қалпында қадіріңді кетірмеу, мемлекет күйінде мығым тұру барған сайын қиындай түсетінін де біледі біздің халқымыз.

Біз ата-бабалар аманатын ақтаған ұрпақ екенімізге мақтанамыз, біздің мына жердің бетіне келген кезіміз халқымыздың тарихындағы ең бір ғажайып тұсқа – азаттық алған, тәуелсіз мемлекет құрған тұсқа тап болғанына, біздің мандайымызға осы елдің бір кірпішін қалау бақыты бұйырғанына шүкіршілік етеміз. Келер ұрпақ өздеріне Елбасы бастап, елі қостап құрып берген Қазақстанның қадір-қасиетін тани біледі, тәуелсіздік туын желбіретіп ұстаудың жауапкершілігін сергек сезінеді.

Тәуелсіздіктің баянды болуының басты себебінің бірі – Елбасымыздың елдік мұрат жолындағы ерен еңбегі.

Халқымызда кісі тану, адамды айыра алу ежелден бағалы қасиет саналады. Қазақстан халқы 1991 жылғы 1 желтоқсаннан бері кісі танудың кереметін көрсетумен келеді. Осы жиырма үш жылдың ішінде ел халқы дәйім Нұрсұлтан Назарбаевтың жұлдызын жоғарыдан жандырумен болды. Елім, жерім деген, елдің, жердің қамын жеген ерге сену, таңдаған азаматымыз адастырмайды, алға бастайды деп қиын күндерде де соңынан еру халқымыздың мемлекетшіл мінезін, бірлікшіл болмысын сан мәрте айқын айғақтады.

Арқадақы алтын алқа

Тәуелсіздік туралы толғанғанда біз алдымен ауызға алатын жетістіктердің бірі де бірегейі – Астана.

Қыран ұшса қияғы тозатын, құлан жортса тұяғы тозатын ұлан-ғайыр дала төсінде ата-бабаларымыз жүздеген жылдар бойы арлы-берлі жөңкіле көшіп тіршілік құрды, ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен туған жерін қорғады, әр заманда ордалы жұрттың туы сол жердің сан қаласында тігілді. Тіпті, халқымыз жаппай отырықшылдыққа көшкен кешегі жиырмасыншы ғасырдың өзінде Алаш жұртының астана алмастыруы Орынбор, Қызылорда, Алматы болып жалғаса берді. Астананы қазақ елінің қақ ортасына – Арқаға алып келу арқылы еліміздің сан ғасырларға созылған ұлы көші діттеген жеріне жетті, халқымыз осылайша межелі мекенге мәңгілік қазық қағып, тәуелсіздігін тиянақтады.

Егер ел тәуелсіздігі ең алдымен неден танылды деген сауал қойылар болса, бәрінен бұрын өзіміздің елордамызды өзіміз таңдаудан танылды деп жауап қайтарудың әбден-ақ жөні бар. Елбасымыз бір сөзінде герб, гимн, мемлекеттік ту белгілеу, Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне қабылдану, түрліше халықаралық ұйымдардың қатарына қосылу, тіпті, ұлттық валюта шығару да кез келген өзін тәуелсіз деп жариялаған мемлекеттің міндетті атрибуттары болып табылатынын, елдің шын мәніндегі дербестігі, өз тағдырын өзі айқындай алуы бас қаланы жаңадан белгілеу сияқты шешімнен, оны іс жүзінде жаңадан тұрғызу сияқты қуатты қадамнан көрінетінін айтқан еді. Арқа төсінде алтын алқадай жарқырап жатқан, жылдан жылға жайнап өсіп келе жатқан әрі бас қала, әрі жас қала – Астананы, өзіміздің елордамызды Елбасының ерен ерлігі дейтініміз де сондықтан. Мемлекеттің қаз-қаз басқан қиын кезінде Нұрсұлтан Назарбаев бұл идеяны жалғыз өзі көтеріп, қысталаң шақта тізеге салғандай етіп тұрып шешім қабылдаттырып, осы ірі де іргелі істі қолға алды. Көшті де өзі бастады, шын мәнінде құрылысты да өзі басқарды. Нұрсұлтан Назарбаевтың елорданы ауыстырудағы, көшірудегі, салудағы, қалыптастырудағы, өркендетудегі, сол арқылы бүкіл елді өркенді етудегі еңбегі ерен. Елорда Елбасының бөлекше назарында. Тіпті, қаладағы бірқатар ғимараттардың Президент сызбалары бойынша салынғаны да белгілі. Бұл жұмыстың қандай нәтиже бергенін бүгінде айдай әлем көріп-біліп отыр. Президенттің жаңа Астана тұрғызу бастауының көңілдегідей жүзеге асуы барша халқымызды жігерлендірді. Бүкіл ел Астанаға қарап бой түзей бастады.

Астана қандай биікке көтеріліп үлгергенін Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Саммитін өткізген күндерінде кемел көрсетті. Елу алты мемлекеттің делегациялары, жүздеген дипломаттар, журналистер жиналған сол үш тәуелсіздіктің ішінде қала инфрақұрылымы сыртылдаған сағат тіліндей мінсіз жұмыс істеп тұрды. Астана осы аса беделді ұйымның басты жиынын өткізген Хельсинки, Париж, Будапешт, Лиссабон, Ыстамбұл сынды атақты қалалар қатарын толықтырды. Әлемдік саясат лексиконында «Хельсинкиден Астанаға дейін» деген ұғым орнықты.

ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу құқын жеңіп алғанымыз да алдымен Астананың арқасы. Енді Астананы тағы бір жауапты сын күтуде. Ол сыннан да елордамыздың сыр бермей шығатынына, түптің түбінде өркениетті әлемнің озық отыз қаласының қатарына қосылатынына күмән жоқ.

Бүгінде Астана елдігіміздің басты белгілерінің біріне, Алаштың айнасына айналды. Аз жылдың аясында осындай ғажап қала тұрғыза алған елдің қолынан бәрі де келетініне күмән жоқ. Мың жылдықтар межесінде, ғасырлар тоғысында орнын өзіміз тандап, іргетасын өзіміз қалап, кірпішін өзіміз өріп орнатқан асыл Астана Қазақ елінің тағы бір іргелі ісі тынғанын, Қазақстан тұлпарының ер-тұрманы толық түгенделіп, еліміздің әлемдік бәсеке бәйгесіне қосылғанын көрсетеді, жаһандану желі ұйтқи соққан мына заманда өзімізге сеніміміздің арта түсуіне септеседі.

Үйренерлік үздік үлгі

Тамаша табыстарымыздың бір тетігі – еліміздегі дінаралық татулық.

Тәуелсіздіктің табалдырығында тұрған тұста біздің жас мемлекетіміздің болашағы туралы болжам жасап, бал ашқандар аз болмаған. Солардың арасында Қазақстанды алысқа бармай-ақ ара-дара күйге түседі, бір жағынан көпұлттылығы, екінші жағынан көптілділігі, үшінші жағынан көпдінділігі іштен ірітпей қоймайды, деп сәуегейсігендердің саны да аз емес еді. Содан бергі елдіктің ерен сапарына шыққан жиырма жылдан астам уақытта Қазақстан ол болжамдардың бәрінің күлін көкке ұшырды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев егемен дігіміздің елең-алаңында-ақ: «Дін – халық даналығының, мәдениеті мен салт-дәстүрлерінің шырақшысы» деп жариялап, діннің ұстараның жүзіндей нәзік нәрсе екенін, бұл салада жаза басуға болмайтынын, өйткені, адамның санасында діни және ұлттық сезімдер әрдайым тығыз астасып жататынын ескертті. Барлық діндерге бірдей қарап, кез келген діннің жоғарғы мағынасы адам мен адамзатты жоғалтып алған жетілу жолына қайтару болып табылады деп санап, конфессияаралық келісімге келудің жолдарын көрсетті. Дін бостандығы толық қамтамасыз етіліп, жүздеген мешіттер, шіркеулер, синагогалар, костельдер салынды, оларға ағылған жас пен кәрі дінді адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени институт, ерекше қоғамдық сана және әлеуметтік құбылыс ретінде қарауды үйренді, дін атаулының басты мақсаты адамның рухани жетілуі деп білді, сөйтіп, мұның өзі қоғамның парасаттылық тұрғыдан тазара түсуіне жол ашты.

Елбасының сарабал саясатының арқасында бір кезде білгішсінгендер бұлардың әр діні әр жаққа тартқылап, әрі-сәрі күй кешеді, халқының басы бірікпейді деген мемлекет көп ұзамай-ақ дінаралық татулықтың мекеніне ғана емес, үйренерлік үздік үлгісіне де айналды.

Нұрсұлтан Назарбаев өзі басқаратын мемлекетте дінаралық келісімге қол жеткізумен тоқтап қалған жоқ. «Біздің бәрімізді хаққа бастайтын жол біреу. Сондықтан да діндер арасындағы әлдеқайда белсенді үн қатысудың уақыты жетті» деп, нақты іске кірісті. Дін басшыларының миссиясы адам дарға өз сенімін біржақты бұрмалаусыз, түсінбеушіліктен, әсіресе өшпенділік пен ашу-ызадан ада, таза күйінде жеткізу еке нін бүкіл әлемге әйгілей түсу үшін жаңашыл әрі батыл қадам жасады: Қазақстан елордасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін шақыруды ұсынды. Саясаттың сан түрлі себептеріне байланысты келісімге келу, қол алысу, уағда байласу тұрмақ, бір-бірін көрместей болып кетуге жақындаған діндердің де басшылары Арқа төріндегі Астанада бір шаңырақтың астында бас қосып, бір тілекке тоқтады, сөйтіп, Қазақстан Президентінің өз сөзімен айтқанда, «саяси жолмен реттеу әдістері нәтиже бермеген жерде Құдай Сөзі жарастырумен үміттің жалғыз құралы болып қалатыны» дәлелденді.

Бұған дейін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының төрт съезі өтті. Олардың бәрі де нәтижелі аяқталды. Бүгінде Қазақстан әлемдегі дінтұтқа елге айналды.

Елбасы феномені

«Әр халықтың басшысы өзіне лайықты болады», деген сөз бар. Тарихтың тағдырдың тар кезеңінде Қазақстан аспанына Назарбаевтай азаматты алып шығуында ғажайып әділеттілік жатыр. Қазақтың маңдайына маңдайы жарқыраған Нұрсұлтандай

перзент бітуінде, оның ғасырлар тоғысында, мыңжылдықтар межесінде ел билігіне келуінде ғажайып заңдылық жатыр.

Жылдар өтеді. Елбасы феноменін тарихи зерденің терең талдауына салатын уақыт та жетеді. Болашақтың сая саттанушылары, философтары тұлғаның ел тарихындағы атқарар рөлі туралы толғанатын сол тұста Назарбаевтың Қазақстан Республикасы атты мемлекетті құрудағы, оны әлемге танытудағы жеке-дара еңбегі жайында жасампаздық жұмыстың жарқын мысалы ретінде жазатын болады.

Назарбаевтың есімі әлем тарихынан ойып тұрып орын алатыны мына жайдан да көрінеді. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына табысты төрағалығы арқылы Еуропа мен Азияның арасындағы, Батыс пен Шығыстың арасындағы, христиандық пен мұсылмандықтың арасындағы мыңдаған жылдар бойы соғылған алып дуалды, қалың қабырғаны құлату үдерісі басталды.

Бітіспеске кеткендей көрінген діни алауыздықтың алдын алуға әрекет етуімен Қазақстан басшысы Абай дананың асыл аманатына («Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп») адалдығын айғақтады. Тағаттылықты ту еткен қазақ халқының, бар діннің өкілдерін бауырына басқан қазақ жерінің, көпконфессиялы елде қоғамдық келісімнің әбден-ақ мүмкін екенін даусыз дәлелдеген қазақстандықтардың тілегін жүзеге асыру жөнінде жылдар бойы жүйелі жүргізіп келе жатқан жұмысы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемдік саясаткер ретіндегі тындырар ең ірі ісінің де, әлемдік тарихта қалдырар ең ірі ізінің де бірі болуы мүмкін. Елбасымыз Мәскеу билігі күшінде тұрған кешегі кеңестік кезеңнің өзінде қазақ даласын қырық жыл бойы тігіреткен ажал аждаһасының – Семей ядролық сынақ полигонының өңешіне өз қолымен құм құйып, қолына өзі келіп түсіп тұрған ғаламат қуатты қарудан өз еркімен бас тартып, нақты қарусыздануды бастау арқылы жер-жаһанды таңдандырар қадам жасаған еді. Ана бір жылы Жапонияның Ниигата қаласынан – Біріккен Ұлттар Ұйымының «Нии гатадан бүкіл дүниеге: ядролық қарусыз әлем құру үшін жаңарған ұмтылыстар мен ісәрекеттер» деп аталатын 21-ші кон ференция сынан жолдаған репор тажымызды «Түптің түбінде адамзат атом қаруынан ат құйрығын кесі седі. Жаппай қырыпжоятын қару келмеске кетеді. Ол күнді біз көрмесек те, балаларымыз көреді. Балаларымыз көр месе, не ме релеріміз көреді. Сол кезде осы қасиетті іс қазақ дала сын да басталғанын еске алады адамзат. Сол кезде осы қасиетті істі қазақ баласы бастап бергенін де еске алады адамзат. Осыны ұмытпайық» («ЕК», 2009, 28 тамыз) деп аяқтаған едік. Назарбаевтың әлемдегі дінаралық татулықтың ту ұстаушысы болуы да – сол қатардағы ерекше еңбек. Оңай лықпен біте қоймайтын, тіпті ондаған жылдардың ішінде де аяқтала қалмайтын бұл үдерістің де әуелде қазақ даласында басталғанын, оны да қазақ баласы бастағанын алғыскер адамзат разылықпен еске аларына, біздің ұрпақтарымыз мақтанышпен айтарына сенеміз біз.

Қазір әлемде жағдай алмағайып болып тұр. Дүние қайтадан екіполярлы сипат алуға ауысып бара жатқандай да әсер қалдырады. Көршімізге салынып жатқан санкциялардың салқыны бізді шарпымайды деп ешкім де кепілдік ете алмаса керек. Күннен күнге күрт түсіп бара жатқан мұнай бағасы да әлемдік шаруашылық қатынастарына дендеп кіріккен ел ретінде Қазақстан экономикасына ауыртпалық әкелері, бюджеттің кіріс бөлігіне түсетін қаржыны азайтары анық. Бірақ, Елбасымыз осындай жағдайда да алдағы қиындықтарға қарсы тұратын нақты қадамдар жасап отыр. Қазіргідей күрделі кездің өзінде Үкіметтің алдына нақты міндет – барлық әлеуметтік міндеттемелерді толық көлемінде қамтамасыз ету міндетін қойып отыр. Бір жақсысы – халықтың біраз бөлігінде ана жылдары байқалатын көңіл күй, яғни Жолдауға «Президент биыл жалақыға қосар ма екен, зейнетақыға қосар ма екен әлде шәкіртақыға қосар ма екен? Қосқанда қанша қосар екен?» дегендей тұтынушылық тұрғыдан қарау, жұртшылық үшін жасалып жатқан жақсылықтардың бәрі солай болуға тиістідей, өздігінен келіп жатқандай көру қазір онша аңғарылмайды. Оның есесіне Ұлттық қордағы жылдар бойы жинақталған қомақты қаржының әркімнің жеке есебіне емес, экономиканың нақты салаларына бағытталуын, сол арқылы адамдардың өзіне қайтарым келетінін түсіну басым.

Түрік жеріне қара шаңырақтың – қазақ даласының біраз топоним дері көшіп барған. Осыдан мың жылдай бұрын Сыр өңірінен аттанған оғыздар Анадолы даласына жеткен соң «ана ватанды» сағынып, бұл жақтағы Сейхун, Жейхун, Ақсу, Талас, Алатау, Ке мер, Келес, Қаратау, Ақтау, Ар гун, Канлы деген сияқты жер, ру атау ларын өздерінің жаңа қоныс тарына қоя бастаған. Түркия картасындағы сондай атаулардың бірі – Ұлытау.

Нұрсұлтан Назарбаев туған халқына арнаған перзенттік, президенттік сөзін таяуда сол бүкіл түркі жұрты үшін аяулы мекенде айтты. «Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр», «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы. Сондықтан да Мәңгілік Ел деген идеяны ұсындым. Мәңгілік ел болу үшін бәрін жасап жатырмыз», «Қазақстанның болашағы өте жарқын! Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бұдан да керемет елде өмір сүреді деп ойлаймын», деді Елбасымыз Ұлытау төріндегі сұхбатында.

Халқына сеніп, өзіне сеніп айтты.

Ұлы таудағы ұлы арманның ақиқатқа айналатыны анық.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ.